

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ: ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орынбасар Бипатима, 1 курс, Сулейман Демирель атындағы университет
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Өміржанов Е.Т.

Кез-келген елдің өзіндік ұстанымы, айқын саясаты, халқының басын біпiктiретiн идеологиясы болады. Тәуелсiздiк алған жылдардан бергi қазақ елiнiң басты мәселесi ұлттық идеология болып тұр. Қазiр Қазақстанда қазақстандық рухани өнiм жоқ деп айтуға болады. Қазақ газеттерi руханият пен мәдениеттi құтқарып қалу мақсатында тырысып, барын салып жатыр. Ал көрермен санасын жаулап алатын көксандықта мәдениетке арналған бiрде-бiр бағдарлама жоқ. Бiз басқа жат елдiктердiң шикi рухани азығымен күн көре бастадық. Батыстан, Ресейден келiп жатыр. Теледидардағы бағдарламалардың басым көпшiлiгi Ресей телеарналарындағы бағдарламалардың баламасы болып кеттi. Ел өзiнiң мәдени және рухани өзегiнсiз қалып барады. Қазақта өзiндiк тәрбие жүйесi болған. Ата-бабаларымыздың ежелгi өсиеттерi, мәдени мұрадан жұрдай ұрпақ тәрбиелеудемiз. Сол себептi де “Қазақ кiм?” деген сауалға жауап беру де қиын. Өйткенi қазақ мәдениетi барлық мәдениеттердiң тоғысқан, аралас мәдениетiне айналып кеттi. Қазақша айтсақ, быламыққа. Одан Батыстың да, Ресейдiң де, өзгенiң де мәдениетiнiң жұрнағын таба аласыз, бiрақ қазақстандық, қазақтық образ жоқ. Бұндай образ жасамай, саяси және экономикалық жетiстiктерге қол жеткiзгенiмiздiң баяны болмайды. Мысалы, АҚШ-та ешуақытта идеология деп айтпайды. Бiрақ олардың идеологиясы “бiз бәрiнен мықтымыз, бiз бәрiнен биiкпiз” дегенге саяды. АҚШ-ты ең демократиялы мемлекет деп таниды. Онда барған адамдар әйтеуiр өзiн-өзi табады, өмiр сүре алады. Арманын жүзеге асыра алады. Бiрақ олар өздерiн астам санауға үгiттейдi. Бұл – үлкен идеология. Францияда “бiздiң мәдениетiмiз бәрiнен ұлы, бәрiнен артық, француздар ең мәдениеттi халық, оның болашағы ұлы, тарихы ерек” деген идеология ұсталынады. Жапонияда “Бiз ерекше халықпыз, бiздiң императорымыз ұлы, алдымызға қандай мақсат қоямыз, соған жетемiз” дейдi. Малайзия ұлттық бағытқа ерекше мән бередi. Қазақтар да осындай бiр ұлы мақсатпен алға жылжу қажет. Оның негiзi не болмақ? Бiрiншiден, “бiз еуразиялық мемлекетпiз. Тарихи тамырларымыз тым тереңде. Бүкiл жарты әлемдi дүрiлдеткен арийлер мен түрiктер бiздiң аталарымыз. Бiз солардың мұрагерi ретiнде сондай керемет ұлы мемлекет құрамыз” деуiмiз керек. Сонда ғана бiз керемет дамыған ел бола аламыз.

Ол үшiн не iстеймiз? Бiрiншiден – бiлiм, екiншiден – инновациялық технология, үшiншiден – ғылымды дамытуға ерекше көңiл бөлу керек. Бұл әрбiр қазақтың рухын көтеруге мүмкiндiк бередi. Бiздiң идеологияның негiзi осы болуы тиiс. Жалпы кеңестiк билiк идеологиядан бас тартуға дейiн жеткiздi. Бiрақ онсыз мемлекеттiң iлгерi жылжуы қиын. Израиль де мықты идеологияның негiзiнде бүгiн әлем мойындатқан елге айналып отыр. “Бiз Құдайдың назары түскен елмiз” деп кеудесiн кередi олар. Қазақ та Құдайдың назары түскен ел. Құдай бiзге көп мүмкiндiк берiп отыр. Кiндiк Азиядамыз, жердiң асты да, үстi де толған байлық. Жан жағымыз – әртүрлi өркениеттi мемлекеттер. Әрқайсысымен байланысуға мүмкiндiгiмiз бар. Осының арқасында бiз синтетикалық өркениет жасай аламыз.

Ұлттық идеологияның негiзгi ерекшелiгi оның жеке адамды үлкен мақсат жолына бағыттап, осы жолда өзiн, өз өмiрi мен мүмкiндiктерiн сарп етуге үндеуiнде. Яғни жалпы қоғам үшiн айқындалған құндылықтардың жеке адам санасына сiңiрiлiп, оның сол мақсаттарды өмiрiнiң мәнiне айналдыруына ықпал жасау мүмкiндiгi оның қарымын көрсете алады. Жеке адамның өз өмiрiнiң мәнi жайында ойланып, өмiрдегi негiзгi мақсат-мүдделерiн айқындауға ұмтылатындығы оның әу бастан құдай берген артықшылығы деп қарастыратын болсақ, сол бағытта оған нұсқау берушi ретiнде мемлекеттi немесе сол ұлтқа жанашыр саяси ұйымды немесе жеке тұлғаны атап көрсетуге болады. Идея ұсынушы көпшiлiк мүддесi жолында жекелiк мүдденi бағындыра отырып, жеке адамның сол көпшiлiк ұстанған бағытта өз мақсат-мүддесiн ұштастыруына ықпал етедi. Ұлттық идеологияның басты ерекшелiгi оның жалпылық сипатында, яғни ол жасына, жынысына, әлеуметтiк жағдайына қарамастан адамдарды бiр идея жолында жұмыла қызмет етуге шақырады.

Ортақ идеяға бет бұрғызу арқылы жеке тұлғаны дербес мүдделерінен бас тартуға жетелеуді оның құқықтарын шектеу деп ұғуға болмайды, себебі, адам өз еркімен кей мүмкіндіктерінен бас тартуы мүмкін, осы тұрғыдан алғанда ол саналы түрде таңдау жасайды.

Қазақтың ұлттық идеологиясы жөнінде толғанушылар көбіне-көп еуропалық идеологиялардан үлгі алып, әлем ойшылдарының көзқарас, пікірлерінен қазаққа сай келетін бірбүтін теория жүйесін жасақтауға бейім. Мұндай идея жүйесінің өзіндік оң ықпалы болған күнде де, қазақы болмыс пен Қазақстан қоғамына сай келмейтіні, қазақ топырағына тамыр тартпайтыны анық. Ендеше, қазақтың ұлттық идеологиясы неден бастау алуы керек? Әрине жол әлдеқашан бар, ол бағызы дүниеден бүгінге жеткен түпнұсқалық ұлттық, ұлыстық қасиеттер, мінездемелер, жосындар, қағида-жарғылар, ой-толғаныс дәйектері. Абайдың Қара сөздері мен философиялық өлеңдері, Алашорда қайраткерлерінің ой-толғаныстары, тіпті жыраулар жыры мен батырлық дастандары т.б.. Тек соны аршып алу, жүйелеу, заман талабына сай қайта өңдеу, оған болашақтық мақсат, мән-мағына беру міндеті ғана күн тәртібінде тұр. Түптеп келгенде ұлттық идеологияның мазмұны а) туған жерге б) қазақ тіліне с) ұлттық салт-дәстүрге д) төл тарих сынды төрт анаға махаббаттан бастау алса, бұл қарапайым, бірақ күллі тәрбиенің өзегі, негізі дерлік ұлттық құндылықтар бізді ұлы мақсаттарды орындауға жетелей алар еді.

Бірінші, туған жерге махаббат – қазақ жерінің қасиетті тұтастығы алдында әр азамат жауапты екенін, әр ұрпақ қазіргі территорияның жарты сүйемін де кемітпей өзінен кейінгі ұрпаққа аманаттауын, қазақ жерінің асты-үсті байлығы Қазақстан халқының игілігі үшін орынды, үнемді, әнімді пайдаланылуын, шетелдік қаржыгерлердің ел шаруашылығындағы ықпалын барынша әлсіретіп, осы жердің шынайы қожайыны қазақтар, қазақстандық азаматтар екенін нақты өмір өрісінде іске асыруды білдіреді. Қазіргі әлемде, басқа елді қарулы күшпен басып алу тәсілі барған сайын маңызын жоғалтты, тыныш, бейбіт бойұсындыру, кіріптар етіп ықпалына кіргізу, технологиялық, қаржылық артықшылықтардан пайдаланып соғыссыз жаулап алу күресі қиян-кескі жүріп жатыр. Осынау, әлемдік бәсекеде туған топырағымызға деген махаббатты; озық технологияларды үйренумен де, ел байлығы мен өндірісін өзіміз игеру арқылы да бейнелеуімізге әбден болатын секілді.

Екінші, қазақ тіліне махаббат – мемлекеттік тілдің қоғамының ұйтқы тілі, ортақ тілі, бірден-бір тұғырлы тілі екендігін барынша дәріптеумен қатар қазақ тілінің орны мен мәртебесін шегіне жеткізе кәтеруді білдіреді. «Француз тілі Францияда қандай мәртебеде болса, қазақ тілі де Қазақстанда сондай мәртебеде болуы керек. Француз тілі әлем әдебиеті мен мәдениетінде қандай ықпалға ие болса, қазақ тілі де сондай халқаралық мәдени ықпалға ие болуы лазым. Ол үшін қазақ тілі бүкіл Қазақстанда толық жалпыласуы, қазақ тілінде әлемдік деңгейдегі ғылыми, әдеби, философиялық еңбектер жазылуы және қазақтілінің құдіреті адамдық армен ұштастырылып, ұлттық идеологияның маңызды мазмұнына айналуы лазым.»

Үшінші, ұлттық дәстүр, салт-санаға адалдық пен рухани махаббат, төл сусындап өсу және оның қадіріне жету, өз ата салтына адалдығын мақтаныш тұту – міне бұл салт-санаға адалдық пен рухани махаббат. Көне қытай ойшылы Лао Цзы: “өз тамырына адал нәрсе ғана баянды” деп ұлағатты нақыл сөз қалдырған екен. Әрине дәстүрдің асылы мен жасығы болады, жай дәстүрлер мен өзекті, маңызды дәстүрлер болады. Әсіресе қазақты баршадан даралап, өзгешелеп тұрған дәстүрлер біздің ең адал болуға тиісті тарихи құндылығымыз, бабадан қалған есіл байлығымыз. Өйткені қазақылық дегендіктің өзі басқаларға ұқсамайтын қазаққа ғана тән белгілердің бірлігі. Егер бұл дәстүр-салттар адамдық қасиетке сай, ұлы даламыздың тәбиғи туындысы, түпнұсқа қасиетіміздің жаңғырығы болса, онда ол жан алып, жан беруге тұрарлық ғажайып асылдар болғаны. Отаншылдық, ұлт сүйгіштік ізгі қасиеттер дәл сондай салт-дәстүрлерді мазмұн етуі керек.

Төртінші, ұлттық төл тарихқа махаббат – ата-баба тарихының құдіретінен қуат алып, тамыры терең, талғамы ерен тектіліктен шығу. Өйткені төл тарихты терең білу оны құрметтеуге, ал тарихын құрметтеу өз ұлтын шынайы сүюге жетелейді. Төл тарих біз үшін ғажайып айна. Бұл айнадан біз қандай адам болудың үлгі-өрнегін үйренеміз, өз болмыс, тіршілігіміздегі мін, мерездерді байқаймыз. Ізгілік пен пасықтық, ұлылық пен қораштық, қожайындық пен құлдық, адамдық пен хайуандық шекарасын ата-баба тарихы ғана ажыратып бере алады.

Егер бізде ұлттық идеология болса ол қандай бағытта болуы керек?

Егер бізде ұлттық идеология болса ол онда үш түрлі бағыттарды қатар ұстауы идеологиясы болу керек:

- адамдардың қоғамдастығын топтастыру;
- әлеуметтік мінез – құлықты қалыптастыру;
- адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету;

Ол үшін не істейміз? Біріншіден – білім, екіншіден – инновациялық технология, үшіншіден – ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл әрбір қазақтың рухын көтеруге мүмкіндік береді. Біздің идеологияның негізі осы болуы тиіс. Жалпы кеңестік билік идеологиядан бас тартуға дейін жеткізді. Бірақ онсыз мемлекеттің ілгері жылжуы қиын. Израиль де мықты идеологияның негізінде бүгін әлем мойындатқан елге айналып отыр. “Біз Құдайдың назары түскен елміз” деп кеудесін керемет олар. Қазақ та Құдайдың назары түскен ел. Құдай бізге көп мүмкіндік беріп отыр. Кіндік Азиядамыз, жердің асты да, үсті де толған байлық. Жан жағымыз – әртүрлі өркениетті мемлекеттер. Әрқайсысымен байланысуға мүмкіндігіміз бар. Осының арқасында біз синтетикалық өркениет жасай аламыз.

Қорыта келгенде, Қазақстан сияқты тәуелсіздігін жаңа алған жас елге идеология әбден керек және ең алдымен, ол мемлекеттің ұлттық сипатына, тәуелсіздігіне қызмет етуге тиіс. Мысалы, Қазақстанның ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы, батырлық, ерлік дәстүрді тудырған. Отанын сүю, елін қорғау ер азаматтардың міндетіне кірген. Ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесі осылай туған. Осыны болашақ ұрпақтың бойына сіңіре отырып, ұлттық идеология қалыптастырған. Сондықтан да халқымызды азаматтыққа, батырлыққа, шешендікке, көрегендікке тәрбиелеу де ұлттық идеологияның міндеті.

Жасыратыны жоқ, ғасырлар бойы қазақ жерінде орыс тілінің үстем болуы, біздің ой-санамыздың соларға табынуы әлі де жалғасын тауып келе жатыр. Бұл қазақ тілінің аясының тарылуына, дәстүр мен ұлттық тәрбиенің өзгерісіне әкеліп отыр. Қазіргі тәрбиенің барлығы да болашақ ұрпақты ұлттық салт-санаға, дәстүрге қиғаш жолдарды ұстануға құрылған. Сөйтіп, өркениетті елдердің жасығына еліктеп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпына қауіп төндіріп отырмыз. Кейбір саясаткер азаматтарымыз қазақтың әдет-ғұрпының мағынасына, мәнісіне бара бермей, ұлт тәрбиесінің негізін түсінбей, оны ғаламдық тәрбиеге үйлестіруді ойлайды. Бұл — қазақ халқының қалыптасқан ұлттық тәрбиесінің негізін әлсіретеді. Идеология қай қоғамда болсын, оны бекітуге қызмет етеді. Социалистік идеология кешегі коммунистік режимді қалай көтергенін, дүние жүзін тітіреткен алып империяның негізін бекіткенін жақсы білеміз. Сталин өлгеннен кейін Брежнев сияқты солақай басшылар өндіріс өркендесе, астық болса, идеология шешуші рөл атқармайды деп санап, мемлекетті әлсіретіп алды. Аяғы немен біткенін тағы да көрдік. Сондықтан жас мемлекетті идеологиялық жағынан да өркендету әбден қажет.

Әдебиеттер

1. Adyrna.kz
2. Minber.kz
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті кеше, бүгін, ертең. Алматы. 2000, - 176
4. «Ақиқат» журналы. – 2013. - №7. – Б.24-28.
5. Lib.enu.kz

ЕКІ ӘЙЕЛ АЛУШЫЛЫҚТЫ ЗАНДАСТЫРУ КЕРЕК ПЕ?

**Бүргеғұлова Әсел, 1 курс, Сулейман Демирель атындағы университет
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Өміржанов Е.Т.**

Соңғы уақыттарда қазақ қоғамында жесір-жетімдердің саны артуда. Қыздардың жеңіл жүрісі мен жасы жетіп күйеуге шықпай отырып қалуы да кең етек алуда. Ал олардың көлденең